

8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Балапашева Әйгерім Алдиярқызының «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, фармакология, клиникалық фармакология кафедрасының жетекшісі Смагулова Газиза Ажмагиевнаның

ШІКІРІ

Әйгерім Алдиярқызы Балапашева, 1990 жылы туған. 2015 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетін тәмамдады. 2015–2017 жылдары «Педиатрия» мамандығы бойынша резидентураны аяқтады. 2017 жылдан бастап Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің фармакология, клиникалық фармакология кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарып келеді, осы кезеңде өзін ғылыми-педагогикалық тәжірибесі жеткілікті, кәсіби жоғары маман ретінде көрсетті. 2021–2024 жылдар аралығында «8D10102 – Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантураны толық меңгеріп шықты.

2023 жылдың 20 ақпаны мен 3 наурызы аралығында Түркия Республикасындағы Afyonkarahisar Sağlık Bilimleri Üniversitesi базасында ғылыми тағылымдамадан өтіп, бактерияға қарсы терапияның ұтымдылығын бағалау, фармакоэпидемиология, фармакоэкономика және заманауи статистикалық талдау әдістері бойынша білімін тереңдетіп, ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын жетілдірді. Ол ғылыми-зерттеу жұмыстарын дербес жоспарлап, ұйымдастырып және орындауға толық қабілетті екенін көрсетті. Білім беру бағдарламасын толық игеріп, заманауи инновациялық оқыту және зерттеу технологияларын меңгерді.

Докторанттың диссертациялық жұмысы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің университетішілік ғылыми-техникалық гранты аясында орындалған «COVID-19-бен ауырған науқастардағы қосалқы бактериялық инфекциялар мен антибиотикорезистенттілік фармакоэпидемиологиясы: Ақтөбе облысы жағдайы» (2022–2024 жж.) ғылыми жобасының шеңберінде жүзеге асырылды.

Әйгерім Алдиярқызы Балапашева «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, теориялық және практикалық маңызы жоғары, дербес орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Зерттеу барысында автор Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған заманауи фармакоэпидемиологиялық әдістерді, атап айтқанда АТC/DDD әдіснамасын, АВС/VEN талдауын және антибиотиктерді АWaRe (Access, Watch, Reserve) классификациясы бойынша бағалау тәсілдерін жоғары деңгейде меңгеріп, тәжірибеде тиімді қолданды.

Диссертациялық жұмыстың маңызды ғылыми жаңалықтарының бірі – бактерияға қарсы препараттарды қолдану ұтымдылығының интегралды көрсеткіші болып табылатын Rational Use Index (RUI) индексі алғаш рет анықтап, оны ғылыми зерттеу барысында кешенді түрде қолдануы болып табылады. Аталған индекс антибиотиктерді тұтыну көлемін, олардың клиникалық маңыздылығын және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкестігін жан-жақты бағалауға, антибиотикотерапиядағы жүйелі кемшіліктерді анықтауға, сондай-ақ бактерияға қарсы препараттарды қолдануды оңтайландырудың ғылыми негізделген жолдарын ұсынуға мүмкіндік берді.

Ұсынылған диссертациялық жұмыста көрініс тапқан ғылыми даярлық деңгейі Ә.А. Балапашеваның «8D10102 – Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне диссертация қорғауға ұсынуға болатынын дәлелдейді.

Ғылыми кеңесші:
«М.Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ
фармакология, клиникалық
фармакология кафедрасының
жетекшісі, м.ғ.к., профессор



Г.А.Смагулова